

«Балапан» Маржанбұлақ балабақшасы

«3 жастағы баланың бойындағы ашушандық»

Балабақша психологы: Арзакулова Д.К.

Қаңтар 2026 жыл.

Тақырыбы: «3 жастағы баладағы ашушандық»

Күні: 18.01.2026 жыл.



Мақсаты: Ата аналарға балалардың бойындағы ашушандық туралы мәлімет беру.

Барысы: Ата аналарға баланың бойындағы ашушандық неден пайда болатыны туралы түсіндіре отырып, ситуациялық сұрақтар арқылы талдау.

Құрметті ата-аналар!

3 жас – баланың дамуындағы маңызды кезең. Бұл уақытта бала өз бетінше болуға тырысады, «өзім», «жоқ» деген сөздерді жиі қолданады. Ашулану, жылау, қырсығу – оның мінезінің бұзылуы емес, бұл – эмоциясын реттеуді әлі толық меңгермегенінің белгісі. Бала ашуланғанда ең алдымен ата-ананың сабырлығы маңызды. Айқайға айқаймен жауап беру жағдайды ушықтырады. Баланың сезімін сөзбен атап беріңіз: «Сен қазір ренжіп тұрсың», «Қалағаның орындалмаған соң ашуландың». Осылайша бала өз эмоциясын тануды үйренеді. Балаға кішкентай таңдау беру пайдалы: «Қай ойыншықпен ойнайсың?», «Қай көйлекті киесің?» Бұл оның өзін маңызды сезінуіне көмектеседі. Сонымен қатар, шекара тұрақты болуы тиіс. Егер бір нәрсе болмайтын болса, ол әрқашан болмайды. Жақсы мінезін міндетті түрде мақтаңыз. Күн тәртібін сақтау (уақтылы ұйқы, тамақ, серуен) баланың эмоционалдық тұрақтылығына оң әсер етеді. Егер ашушандық өте жиі қайталанса, ұзаққа созылса немесе бала өзіне не өзгеге зиян келтіруге тырысса, маман кеңесіне жүгінген дұрыс.

Біздің ортақ мақсатымыз – баланың эмоциясын дұрыс түсініп, оны қауіпсіз әрі қолдаушы ортада тәрбиелеу.



Қорытынды: Ата аналарға баланың бойындағы ашушандық бұл мінездің бұзылуы емес, бұл мінездің қалыптасуы екенін түсіндіру, көз жеткізу.